

**Бородулиха аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 53-9-VI " Бородулиха ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орынды, оны пайдалану тәртібін, шекті толу нормаларын, оны материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарын, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын анықтау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2023 жылғы 6 қазандағы № 8-11-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 қазанда № 137-18 болып тіркелді

Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бородулиха аудандық мәслихатының "Бородулиха ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орынды, оны пайдалану тәртібін , шекті толу нормаларын, оны материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарын, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын анықтау туралы" 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 53-9-VI ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7619 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Бородулиха ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы";

шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Айқындалсын:

осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Бородулиха ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған арнайы орындар, олардың шекті толтырылу нормалары;

осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Бородулиха ауданында арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес Бородулиха ауданында арнайы орындарды пайдалану тәртібі;

осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес Бородулиха ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасында қосымшаның атауы орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген шешімнің 3-қосымшасында қазақ тіліндегі қосымшаның атауы келесі редакцияда жазылсын:

"Бородулиха ауданында арнайы орындарды пайдалану тәртібі", орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бородулиха аудандық мәслихат төрағасы*

*С. Урашева*

Бородулиха аудандық  
мәслихатының  
2023 жылғы 6 қазандағы  
№ 8-11-VIII шешіміне  
қосымша

### **Бородулиха ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған арнайы орындар, олардың шекті толтырылу нормалары**

№ р/н	Арнайы орындар	Шекті толу нормалары
1.	Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Достық көшесі, № 217, "Абай облысы Бородулиха ауданының мәдениет үйі" КМҚК ғимаратының алдындағы алаң	30 адамнан артық емес
2.	Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Молодежная көшесі, № 25, "Абай облысы Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ ғимаратының алдындағы алаң	30 адамнан артық емес
3.	Шеру Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Достық көшесі, № 152 бастап Достық көшесі, № 217 дейін	100 адамнан артық емес